

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2012 жылдың 12 айындағы біріктірілген қаржылық нәтижелер туралы

2013 жылғы 27 наурыз

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі - Банк) 2012 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің банктік жүйесі бойынша рекордтық мөлшердегі пайда тапты. Ол 77.1%-ға өсіп, 70 млрд. теңгені құрады. Банк активтері 2011 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 6%-ға өсті. Клиенттерге берілген нетто заемдар 11.4%-ға өсті.

- 2012 жыл Halyk тобының Қазақстанның және ол орналасқан елдердің қаржы нарығындағы иеленетін орнын айтарлықтай нығайта түсті, - деп атап көрсетті Банк Басқармасының төрағасы Үміт Шаяхметова, - Өткен жыл бойы сақталған тұрақты өсу ағымы Банкке тек Топтың ауқымында ғана емес, бүкіл отандық банктік сектор ауқымында рекордтық деңгейдегі таза пайда табуға мүмкіндік берді. Халық банкінің 90 жылдық мерейтойы басталған жылы бұл оқиғаның маңызы арта түсуде, ол еліміздің қаржы нарығындағы көшбастаушы қаржылық институттың жұмыс тиімділігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Бұл нәтиже – «Халық» тобының 2013-2015 жылдар кезеңіне арналған негізгі стратегиялық даму бағыттарында» баяндалған Қазақстандағы №1 Банк болу жөніндегі басты мақсатын жүзеге асыруға жасалған тағы бір қадам болмақ.

Құнсыздану резервіне аударғанға дейінгі таза пайыздық табыс 4.3%-ға өсті. Құнсыздану резервіне аударылатын қаржы 60.8%-ға азайды.

Қызметтер бойынша табыс пен транзакциялық банкинг бойынша комиссиялар (зейнетақы қорынан және активтерді басқарудан түскен табысты шегергенде) 2012 жылдың 12 айы ішінде 2011 жылдың 12 айымен салыстырғанда, Банктің транзакциялық бизнес көлемінің өсімі есебінен 17,0%-ға артты.

Таза пайыздық маржаның жылдығы 4.9% -ға өсті (2011 жылғы 12 ай үшін жылдық маржа 4.4% болған). RoAA (орташа активтерге қатысты қайтарым шамасының жылдығы) 2.9%-ға ұлғайды, RoAE (қарапайым акцияларды ұстаушыларға келетін орташа меншікті капиталға қатысты қайтарым шамасының жылдығы) 21.6%-ға дейін ұлғайды.

Есептік кезеңде Банктің несиелік портфелі брутто негізде - 9.9%-ға және нетто негізде 11.4%-ға өсті. Бұл корпоративтік клиенттерге берілген заемдардың - 9.0%-ға, ШОБ заемдараның - 8.1%-ға, тұтынушылық қарыздарының - 30.2%-ға артуымен байланысты болды.

Банк клиенттерінің қаржысы 9.1%-ға өсті, оның ішінде жеке тұлғалардың қаржысы 22.6%-ға, заңды тұлғалардың қаржысы 1.4%-ға артты.

Негізінен Банктің 2012 жыл ішінде тапқан таза пайдасы есебінен меншікті капитал 9.4%-ға артты.

2010, 2011, 2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін Біріктірілген қаржылық есептемеге (бұдан әрі – «құжат») Банктің төмендегідей мекен-жайдағы веб-сайтында қол жеткізуге болады:

<http://halykbank.kz/ru/about/reports>. Жоғарыда аталған құжатты Банктің Директорлар кеңесі мен Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы мақұлдауға тиіс.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ ең ауқымды клиенттер базасы және барынша кеңінен таралған филиалдық желісі бар еліміздің жетекші қаржылық тобы әрі жетекші банкі болып табылады. Банк өзінің бөлшек клиенттеріне, шағын және орта бизнес өкілдеріне, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге алуан түрлі қаржылық қызмет ауқымын (банктік қызметтер, зейнетақылық жинақ, сақтандыру қызметі, лизинг, брокерлік-дилерлік қызмет, активтерді басқару қызметі) ұсынатын әмбебап қаржылық топ ретінде дамып келеді. Халық Банкі сондай-ақ Ресейде, Грузияда және Қырғызстанда банктік операцияларды жүзеге асырады.

«Қазақстан Халық банкі» АҚ
Баспасөз қызметі
тел. +7 727 2 590 816, www.halykbank.kz

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

Шағын және орта бизнес. ШОБ бойынша 2012 жылдың қорытындысы бойынша шамамен жалпы сомасы 199,5 млрд. мөлшерінде заем берілді, бұл өткен жылғы көлемнен 29,7%-ға артық (153,9 млрд. тенге). Бұл дерек шағын және орта бизнестің белсенділігі арта түскенін куәландырады.

Тұтастай алғанда есептік кезеңде шағын және орта бизнес бойынша проблемалы несиелік берешек көлемінің кемуіне бағытталған оң ағым байқалды.

Бүгін Қазақстан Халық Банкі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасына қатысуы мақұлданған Банк заемшыларына аударылған субсидиялар көлемі мен несиелік портфель көлемінің көрсеткіштері бойынша көшбастаушылар санатында. Аударылған субсидиялар көлемі бойынша Банк 19% үлеспен көшбастаушы орында келеді. Несиелік портфель көлемі бойынша Халық Банкінің үлесі «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасына қатысушы ЕДБ клиенттерінің несиелік портфелінің жалпы көлемінен 16,05% құрайды және бұл да Бағдарламаға қатысушы ЕДБ арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Тұтастай алғанда субсидияланған жобалар құрылымында өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма секторы, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендегі жобалар басым түседі. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Банктің қарастыруға қабылдаған және ӨҮК/ЭДСМ* мақұлдаған жобалардың саны бойынша көшбастаушылар санатында: жалпы алғанда, сондай-ақ бағдарламаның 1, 2, 3-ші бағыттары шеңберінде мақұлдаған жобалардың саны бойынша Халық Банкі екінші орынды иеленуде.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде 2013 жылғы 15 наурыздағы жағдаймен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ -на келіп түскен өтінімдер саны 488 болды. Бұл ретте Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Қызылорда облысы және Шығыс Қазақстан облыстарынан ең көп өтініш қабылданды. Банк комитеті олардың ішінен 470 жобаны мақұлдады.

Бүгінгі жағдаймен Бағдарлама шеңберінде 297 жоба бойынша субсидиялар түсуде.

** ӨҮК/ЭДСМ – өңірлік үйлестіру кеңесі/Экономикалық даму және сауда министрлігі*

Бөлшек бизнес. Жаңа өнімдер және қызметтер. 2012 жылы Халық Банкі жалақылық жобаға қатысушыларға «Халықтық» және «Зейнетақылық кредит» кепілсіз кредит беру бағдарламалары бойынша неғұрлым икемді жаңа талаптармен кредиттер ұсына алды, соның нәтижесінде 2012 жылдың басынын бері Банктің осы аталған бағдарламалар бойынша портфелі 40%-дан аса артты. 2012 жылы «Халықтық» және «Зейнетақылық кредит» бағдарламалары бойынша кепілсіз кредиттердің рекордтық көлемі - 150 млрд. теңге ұсынылды.

Ипотека. Банк ипотекалық кредит беру бағдарламалары бойынша ЕДБ нарығында айтарлықтай бәсекелі талаптар ұсынуда. Оған қосымша Банк 2012 жылы басқа ЕДБ-тегі несиелік берешекті төмен мөлшерлемелер бойынша қайта қаржыландыру шарттарын ұсынуы арқасында ипотекалық кредит беру көлемін белгілі дәрежеде ынталандырды. Осылайша 2012 жылы берілген ипотекалық кредиттер көлемі 2011 жылғы осындай көрсеткіштен 19%-ға артты.

Жалақылық жобалар. Банк көрсететін негізгі стратегиялық қызметтердің бірі – жалақылық жобалар. Банк карточкалары бойынша жалақы алатын клиенттердің саны бойынша Банк көшбастаушы орында келеді. 2012 жылдың қорытындысы бойынша жалақылық жобаға қатысушы-ұйымдар санының өсімі 7.8 % құрады. Есепке алу көлемі бойынша өсім 25.3%-ды құрады.

Төлем карточкалары. Өз клиенттеріне тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін Банк төлем карточкаларына қызмет көрсету желісін (банкоматтар, POS-терминалдар, банктік терминалдар) кеңейту және төлем карточкаларымен байланысты қызметтерді дамыту жұмыстарын жүргізуде.

Айталық, 2013 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша банктік терминалдарды, POS-терминалдарды, банкоматтарды орналастыру бойынша Халық Банкінің үлесі тиісінше 35.2%, 22.8%, 22% болды.

Қазақстанда алғаш рет кез-келген шетелдік және қазақстандық банктердің MasterCard карточкаларының иелеріне Халық банкі бір карточкадан екінші карточкаға Халық банкі банкоматтарының көмегімен ақша аударымын жүргізуге мүмкіндік беретін «**MasterCard MoneySend**» қызметін ұсынды.

Банк 2012 жылы VISA Infinite/Platinum/Gold, MasterCard/UnionPay Gold төлем карточкалары бойынша мобильдік банкингке қосу, сақтандыру полисін рәсімдеу, Internet арқылы қызмет ақысын төлеу үшін Visa Virtuon виртуалдық төлем карточкасын және басқа төлем жүйесінің қосымша карточкасын беру арқылы өнімдер/қызметтердің топтамалары қолданысқа енгізілді.

3D Secure. Интернет желісіндегі есеп айырысулардың қауіпсіздігін арттыру үшін Банк 2012 жылдан бастап 3D Secure қызметін іске қосты – бұл Visa (Verified by Visa жүйесі) және MasterCard (Secure Code жүйесі) халықаралық компаниялары жасап шығарған инновациялық технология, Интернет желісінде 3D Secure паролін енгізе отырып, карточка иесін қосымша сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру

арқылы карточка бойынша есеп айырысулардың қауіпсіздігін арттыра түседі. 3D Secure төлем карточкаларын пайдалана отырып Интернет желісінде даулы операциялар мен алаяқтық деңгейін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Халықтық IPO. 2012 жылғы 1 қазаннан бастап Банк филиалдарында алғаш рет «Халықтық IPO» бағдарламасы шеңберінде бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызмет іске қосылды.

Трансфер-агенттік қызмет көрсету бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен инвесторлар арасында құжаттар (ақпарат) қабылдау және беру қызметін көрсетуге саяды.

Қызмет көрсетіле бастаған күннен бастап «Қазтрансойл» АҚ акциялары орналастырылған кезең (1 қазаннан 5 желтоқсан бойынша) аралығында Банк қызмет көрсету үшін 726 клиентті қабылдады, оның ішінде 661 клиент акция сатып алуға тапсырыс берді.

Зейнетақы төлемдері. Халық банкі зейнетақылық төлемдердің 52%-на қызмет көрсету арқылы мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдер бойынша негізгі оператор ретінде қалып отыр. Қазіргі таңда зейнетақысын Халық банкі арқылы алатын жалпы клиенттер санының 63%-ы Банктің төлем карточкаларына ауыстырылды.

Серіктестермен бірлескен акциялар. Зейнетақысын карточка бойынша алатын клиенттер үлесін одан әрі ұлғайту мақсатында мамыр айынан бастап Банкте «Мобильдік зейнетақы» акциясы басталды. Карточка алған және оған зейнетақысы есепке алынған клиенттердің барлығы автоматты түрде акцияға қатысушыға айналады. Акция өткізілетін кезеңде аға буын өкілдері үшін арнаулы жасалған 450 мобильдік телефонның ұтысы жүргізіледі. Мобильдік телефондарға бұған қоса «Кар-Тел» ЖШС компаниясынан қосымша қызметтер топтамасы қамтылды.

Visa International компаниясымен бірлесе отырып «Лондон 2012» олимпиадалық акциясы өткізілді. Бас жүлде – Лондонда өткен Олимпиада ойындарына екі адамға сапар шегу мүмкіндігін Астана өңірлік филиалының клиенті ұтып алды. Екінші дәрежелі ұтыстар ретінде қосымша бағалы сыйлықтар ұтысқа салынды. 2012 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарына орай Халық банкі арнаулы олимпиадалық дизайны бар Visa карточкаларын шығарды.

Электрондық коммерцияны дамыту шеңберінде Банк 2012 жылдың бірінші жартысында «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-мен бірлесе отырып Visa International компаниясының қолдауымен «Пайдамен сапар жаса» акциясын өткізді. Теміржол билетінің құнын Интернет көмегімен www.pcentre.kz сайты арқылы төлеген кез-келген карточка иесі бағалы жүлделердің ұтысына қатысушы атанды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда электрондық операциялар санын 15% -ға өсіруге мүмкіндік берді.

2012 жылғы маусымнан бастап Банк «Кар-Тел» ЖШС (Beeline ұялы байланыс операторы), сондай-ақ оның еншілес компаниясы - «2Day Telecom» («2Дэй Телеком») ЖШС үшін e-commerce транзакцияларына қызмет көрсетуді іске қосты. Beeline абоненттері үшін шоттарды толықтыру және Beeline ұсынған «Үйдегі интернет» қызметінің төлемдерін жүргізу компанияның www.beeline.kz сайты арқылы on-line режимінде әлемнің кез-келген банкінің VISA және MasterCard төлем карточкаларын, сондай-ақ жергілікті Altyn карточкасын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Интернет-коммерсанттарды Банктің эквайрингтік желісіне қосу рәсімін оңайлату үшін Банк 2012 жылғы 1 тамыздан бастап швейцариялық «CNP Processing GmbH» компаниясымен бірлесіп «E-commerce транзакцияларға қызмет көрсетуге арналған процессинг орталығы» жобасын іске қосты. Қызметтің мәні халықаралық төлем жүйелері карточкаларының иелері қазақстандық сауда және сервис кәсіпорындарының интернет-дүкендерінде тауарлардың/қызметтердің ақысын дербес төлем деректемелерін енгізу арқылы, карточканың өзін тікелей көрсетпей-ақ төлей алатындығына саяды. Бірлескен жоба шеңберінде төлемдерді өңдеу және кәсіпкерлердің шоттарына ақша аударуды Банк өзінің карточкалық жүйесі арқылы жүзеге асырады. Бұл ретте «CNP Processing GmbH» компаниясы Web-сайттар мен Банктің карточкалық базасы арасында интерфейстерді баптауды, сондай-ақ кәсіпкерлерді техникалық қолдауды жүзеге асырады.

HALYK бонустық клубы. HALYK бонустық клубын одан әрі дамыту жұмыстары жалғасын табуда. Өздеріңізге мәлім, бұл бағдарлама Банктің карточкалары иелеріне карточка бойынша ақы төлеген кезде бонустар алуға және одан әрі жинақталған бонустарды клуб серіктестері - сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарының желісінде тауарлар /қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Қазір HALYK бонустық клубы серіктестерінің саны 1300-ге жақындап қалды. Банк өз серіктестерімен бірлесіп карточка иелеріне көтеріңкі бонустар беруге бағытталған бірнеше акция өткізді.

Байланыс орталығы. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін Банк ұсынатын қызметтер ауқымын ұдайы ұлғайта түсуде. Бүгінгі күні Банк клиенттері шоттар бойынша ақпарат алу үшін, сондай-ақ карточканы қайта шығару үшін Байланыс орталығына жүгіну мүмкіндігіне ие болды, бұл ретте Байланыс орталығының операторы өтінімді қабылдап, дайын карточканы алу үшін қайда келу керектігін хабарлайды.

Банк **CRM** атты жаңа бағдарламалық жасақтаманы сәтті қолданысқа енгізді. Ол Банк пен клиенттің арабайланысы тарихын сақтауға, клиент бойынша ақпаратты іздеу уақытын қысқартуға, клиенттердің жеке сұраныстарын ескеруге, сондай-ақ менеджердің жұмыс уақытын ұйымдастыруға және оның жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл түпкілікті нәтижесінде клиенттерге барынша жоғарғы сапалық

деңгейде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалық жасақтама банк бөлімшелерінің барлығында қолданысқа енгізілгенін және заңды тұлға клиенттермен, сондай-ақ бөлшек бизнес клиенттерімен жұмысты ұйымдастыратынын атап өту керек.

Қашықтан жүргізілетін сатылымдар арнасын дамыту. Банк қашықтан жүргізілетін сатылымдар арнасы ұсынатын қызметтер ауқымын ұдайы кеңейте түсуде. Атап айтсақ, 2012 жылы «Интернет-банкинг» жүйесіне және банктік терминалдарға (киоскілерге) «Алтел» АҚ ұялы байланыс операторы (Pathword, Dalacom және JET, City), «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС (Астана қ. коммуналдық қызметтер үшін электрондық түбіртектермен төлеу), «Транстелеком» АҚ (телекоммуникациялық қызметтер), «Синпакон» ЖШС (Қызылорда қ. коммуналдық қызметтер үшін электрондық түбіртектермен төлеу) секілді ірі қызмет жеткізушілер қосылды.

Банк өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісін дамытуды қарқынды түрде жалғастыруда. Айталық, 2012 жылғы қазанда Алматы облыстық филиалының базасында «Төлем терминалдарының желісін жасау» жобасы өнеркәсіптік қолданысқа берілді. Филиалға арнап барлығы 50 төлем терминалы сатып алынды, олар Банктің төлем карточкаларын иеленбейтін Банк клиенттеріне мынадай мүмкіндіктер береді:

- қызмет жеткізуші кәсіпорындардың пайдасына қызмет ақысын төлеу,
- ағымдағы шоттарды толықтыру.

Жекелеген мемлекеттік қызметтерді ұсынуды оңтайландыру және автоматтандыру жобаларының шеңберінде Банк бірқатар жобаны қолданысқа енгізді, атап айтқанда:

1) 2012 жылғы желтоқсанда Электрондық үкіметтің egov.kz Web сайтынан бюджетке төлемдерді жүргізу үшін электрондық үкіметтің төлем шлюзімен интеграциялау жүзеге асырылды;

2) 2012 жылдың қыркүйек айында Банк Интервэйл Қазақстан компаниясымен бірлесіп MyPay^{kz} (клиент өз мобильдік телефонына орнатып, төлемдер жүргізу үшін қолайлы әрі интуитивтік тұрғыда түсінікті меню алатын шағын бағдарлама) пайдаланушыларына Жол полициясы комитетінің қызметкерлері анықтаған жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды (МАИ айыппұлдары) төлеудің ыңғайлы, қауіпсіз әрі жылдам тәсілін ұсынды. Төлем on-line режимінде жүргізіледі;

3) 2012 жылғы тамызда «Мобильдік банкинг» жүйесін пайдаланушылар үшін «Halyk Bank» қосымшасы арқылы салық төлемдерін (жер, мүлік және көлік салықтары) төлеу қызметі іске асырылды.

Өңірлік желіні дамыту. 2012 жылы Алматы, Астана, Қарағанды, Екібастұз қалаларында, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мырзакент ауылында жаңа бөлімшелер ашылды. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен сатылым арналарының жалпы саны 554 бірлікті құрады, оның ішінде 22 облыстық және өңірлік филиал, 122 аудандық басқарма және 410 есеп айырысу-касса орталығы (360 бөлімше, 4 VIP-орталық, 46 ДСО (дербес сервис орталығы) бар, оның 217-і электрондық NEMO-Q кезек жүйесімен жабдықталған.

Банк бұрынғысынша еліміздегі ең кеңінен таралған өзіне-өзі қызмет көрсету желісін иемденіп отыр. 2012 жылдың бірінші жартысында Банк жаңа банкоматтар партиясын сатып алды. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен банкоматтар саны – 1900 дана, банктік терминалдар саны - 590, сауда орындары және әртүрлі тауарлар мен қызмет көрсетуді сату пункттеріндегі POS -терминалдар саны - 5.5 мың бірліктен астам болды.